

**АНА ТІЛІНІҢ ҚҰДІРЕТІ НЕМЕСЕ ТІЛДІҢ КӨРІНБЕЙТІН  
ҚАСИЕТТЕРІ ХАҚЫНДА**

Тіл туралы заң шығардық, тіл үйретуге, тіл жұмыстарына (үгіттеуге) т.б. қаншама қаржы бөліп, жұмыс жасап жатырмыз. Сонда одан онша нәтиже бермей отыр. Олай болса осы біздің жұмыс жүргізу әдісіміз (методикамыз) дұрыс емес секілді.

2020-ға түгел қазақша сөйлейміз дейміз. Қалай? Оған қандай жолмен жетеміз? Оны қалай, кімдер іске асырады? –деген секілді ұшан-теңіз сұрақтар туындайды. Мен де осыған өз үлесімді қосайын деген мақсатта мына төмендегілерді ұсынып отырмын.

Атақты ғалым, әрі жазушы, қазақтың біртуар азаматы, Мұхтар Мағауин былай деп жазды: «Менің байқауымша, күнделікті қолданыстағы әдепті, негізгі тіл адамның кейпіне тікелей әсер етпек, өзіндік артикуляция – бет-ауыздық сөз, дыбыс ерекшеліктеріне қарайлас қозғалысы – кісінің түр-әлпетін қалыптайтын сипаттардың бірі. Сондықтан да мен тұрмыстағы тілінен мүлдем мақұрым, тек орысша ғана сөйлейтін қазақтарды көбіне сырттай, бір қарағаннан-ақ танитын едім. Олардың қалған қазақтан басқашарақ бітімі қапысыз анықталатын».

Мұхтар Мағауиннің осы айтқандарына сенуге бола ма? Осыдан біраз жыл бұрын бір педагог келіншекпен сөйлескенім бар еді. Ол «мен қазақша білмейтін қазақпен сөйлесіп көрмесем де оның қазақша білмейтінін бірден айта аламын» деді.

Тағы бір мысал: «Мен базарда сауда жасап тұрған келіншектен естіп едім. Менің алдымда бірдей киімде, бірдей жаста, қысқасы алдыма сауда жасауға келген кісінің қазақша білетін, не білмейтінін бірдей білемін. Содан солар білетін тілде сөйлесіп саудамды жасаймын. Сонда кісілерден «сіздер оның қазақша қалай білдіңіздер?» - дегенімде, олар мынындай жауап берді «біз оны толық негізде түсіндіре алмаймыз. Бірақ сол қазақша білмейтін қазақтың бет-бейнесінен, көзінен қысқасы бір өзім түсіндіре алмайтын бір сырымен оны толық ажырата аламын» - деді.

Қазақта мынадай сөз бар: «нұрлы жүзді», «иман жүзді». Керек десең, «түсі жылыдан түңілме» - деген мақал бар. Қысқасы білімді, білікті, парасатты, иманды, адамгершілігі мол адамның осы ізгі қасиеті оның бет-жүзінен де білініп тұрады. Яғни, оның ішкі жан-дүниесі сыртқа теуіп, сыртқа да білінеді. Тек соны аңдай, байқай салсаңыз болды. Мұны «ғылым ішкі энергияның сыртқа тебуі, сыртқа шығуы» - дейді.

Дәл сол сияқты өзінің ана тілін білмейтіндердің бет пішінінен де олардың ұлттық тілді білмейтіні аңғарылып тұрады. Ұлттық тілді білмеу бегеніміз не? Сол ұлттың түгін де, дымын да білмеу деген сөз.

Кейде біреуге кейісеңіз, сол кейігеніңіз сіздің қабағыңызда, бет-бейнеңізден байқалып тұрады емес пе? Ал енді тұтас ұлттың мың сан қазынасына (ұлттық тілінен, ұлттық болмыс бітімінен, ұлттық ерекшеліктерінен, ұлттық мәдениетінен, ұлттық өнерінен, ұлттық тарихынан, ұлттық танымынан, ұлттық сана-сезімінен, ұлттық рухынан, ұлттық құндылықтарынан, ұлттық менталитетінен т.б. сондай сияқты) қол үзген және одан мақұрым қалған адамның бет-пішінінен мұның барлығы неге білінбеуі тиіс? Білініп тұрады. Білінгенде қандай! Әсіресе, мұны сол ұлттың өкілі бірден байқайды. Ішкі түйсік арқылы Мұхтар Мағауин мен педагог, сатушы келіншектер адамдармен сөйлескенде, қазақша білмейтіндерді бірден біліп айтып отыр.

Мұны орыстың философы Павел Флоренский былай түсіндіреді: «Белгілі бір ұлттың мың-мың жылдар бойы тырнақтап жинаған, жетілдіріп қалыптастырған ұшан-теңіз ұлттық құндылықтары сол ұлт өкілінің бойына қалай сіңеді және не арқылы сіңеді? Тек тіл арқылы. Тек ұлттық тіл арқылы ғана, демек ұлттық тіл-энтелехияның қайнар көзі» «Энтелехия» -

деген терминді ең алғаш рет Аристотель қолданған. П.Флоренский ішкі биологиялық энергияның бірнеше салаға бөлінетінін, соның бір саласы ішкі көрінбейтін дүниеде пайда болған энергия – энтелехияның сыртқа көрінетін дүниеге шығуын жан-жақты түсіндірген.

Адам сезім мүшесіне түйсік тудыратын қоршаған дүниені (әлемді) көрінетін дүние деп атаймыз. Адамға бес сезім мүше тікелей, не құралдар арқылы (телескоп, микроскоп, т.б. құрал арқылы) да көруге болатын дүниені бар, көрінетін дүние беп түсінуіміз керек. Ал көрінбейтін дүние ше? Өткен ХХ ғасыр атом ғасыры болды. Осы дүниенің кірпіші деген атомды бөлдік. Протон, нейтрон, протонды тағы да бөлдік және бұлардың тысқары «электрон» деген тағы бар. Ары қарай осындағы осы майда элемент бөлшектерді бірнеше бөліктерге бөлдік (60-ка тарта бөлшек белгілі).

Осы дүниені зерттейтін кванттық дүниеге көрінетін дүниедегі механика т.б. заңдар жүрмейтін болды. Ол дүниенің өз алдында кванттық заңдары бойынша физикада қалыптасты. Мұндағы дүниенің көлемі, массасы т.б. жоқ. Сонда қалай ол заттардың өзі жоқ деген сөз. Жоқ, оларды жоқ деп айта алмаймыз. Бірақ ешбір құралдармен де көре алмаймыз. Керек десең, бар деп жүрген атомды да ешкім көрген жоқ. Оны көру мүмкін емес.

Көрмеген нәрсені жоқ дей беруге болмайды. Ондай дүние бар. Оны тек ішкі дүниемізбен, ой талғамымызбен көмекші дүниелерге сүйеніп оның бар екенін мойындап, сеніп зерттейміз. Мысалы: бір заманда микроскоп шықпай тұрғанда көрмесек те микроскоптың бар екенін мойындап зерттедік қой, сол секілді.

Адамда да «көрінбейтін дүние» бар. Ол ми ішіндегі қорытылып шығатын, ой толғаныс, эмоциялық тітіркену т.б. Қысқасы, адамның ақыл-ойымен қорытылып шығатын дүниені адам бойындағы көрінбейтін дүние дейміз.

Көрінетін дүние энергияны көрінбейтін дүниеден алады. Яғни, бастау алады. Олай болса, ішкі энтелехиялық энергия көрілмейтін, адамның ішкі дүниесінен бастау алады екен.

Қазақ тілін білмейтін қазақтың ішкі дүниесінің сыртқы тебуі, нұры болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. «Сонда қазақ тілін білмегеннің нұры болмай ма?» деуіңіз мүмкін. Бұл жерде қазақ азаматының қазақша білмеген жағдайдағысын айтып отырмын. Әрбір ұлт өз ана тілінде сөйлегенде, әр ұлттың тіл ерекшелігіне сәйкес беттің бұлшық еттері қимыл жасайды. Әлсіз денеге құлтурализммен айналысқан секілді. Әрбір дыбыстың фонетикасына сай бет гимнастикасы болады. Соған сай бет бейне қалыптасады. Алдымен, дыбыстық жүйесін талдайық.

Фонетикадағы әріптер дыбыстың дыбысталу жүйелеріне қарай дауысты, дауыссыз болып бөлінеді.

I. Дауысты дыбыстардың бет бұлшық еттері арқылы дыбыстың орындалуы:

- 1) Еріннің қатысына қарай а) еріндік; б) езулік;
- 2) Тілдің қатысына қарай а) жуан (тіл арты); б) жіңішке (тіл алды);
- 3) Көмекшілік бөлінісі ашық, қысаң болып бөлінеді.

II. Дауыссыз дыбыстардың бет бұлшық еттерінің қатысуымен бес топқа бөлінеді.

Үш топтың қатан, ұян, үнді деген түрлері бар.

1) Шұғыл, ызаң, діріл, мұрын жолды, ауыз жолды. Осы топтардың жеке тәртіптік бөлінісі бар.

III. Дауыссыздар жасалынуына қарай сегіз топқа бөлінеді.

1) Ерін, тіс, тіс пен ерін, тіл арты, тіл асты, и тіл ортасы, тіл мен тіс, көмей.

Міне, осыдан байқайтынымыз, беттегі бұлшық еттерінің дыбыс шығаруда қатыспайтыны қалмайды екен.

Бұл- фонетикалық жүйе. Ал осы әріптер жиналып, сөз құрайды. Ол сөздер буыннан тұрады: ашық, тұйық, бітеу.

Осылай құралған сөздің ммағынасына қарай көздің ойнауы, реңнің құбылуы, қысқасы, дыбыстың үндестігіне сай бет мақұлдауы да болып отырады. Осы құбылыстар әр ұлттың өзіне тән ұлттық тіліне сай келіп, олар жасайтын қозғалыс қимылы бөлек болады. Демек, осы қимылдардың әсерінен бет бұлшық еттерді ұрпақтан ұрпаққа гендік жүйеде қалыптасады. әр

ұлттың өзіне тән ұлттық бейнесін қалыптастырады екен. Бұл бір ұрпақтық сатыда ажырамағанмен, бірнеше ұрпақ (поколение) сатыларында толық рең қалыптасады.

Осы рең қалыптасуынан-ақ адамның қай ұлт өкілі екені белгілі болып тұрады. Бірнеше ұрпақ сабақтастығынан сол ұлт өкілдерінің ортақ реңі қалыптасады. Міне, тіл құдіреті.

Көрші Өзбекстанды алайық. Өзбекстанда негізін сұрасаң екі өзбек бар. Бірі – руы бар өзбек, екіншісі – руы жоқ өзбек. Соның біріншісі руы бар өзбектер ол қазақтар, өйткені таза өзбекте ру жоқ. Руластар бірінің қызын бірі алмайды. Ондай қағида екі-ақ ұлтта бар. Бірі-қазақ, бірі-кәріс. Кәрістер руын жеке куәлігіне жазады. Мысалы: Ким, Пак, Югай, т.б. осылар-руы. Пакпен Пак қыз алыспайды. Осы секілді қазақ та сол секілді. Соның ішінде Өзбекстанның құрамына кіретін руы бар өзбектер сұрастырып зерттесең, түбі қазақ болып шығады. Бұларда руластар үйленбейді.

Ал, реңіне қарасаң, сол тұрғылықты өзбектердің реңіне ұқсайды. Өйткені, олар өзінің ұлттық (қазақ) тілін ұмытқалы қашан? Сондықтан жоғарыдағы айтқандай, үш-төрт атадан кейін таза ұлттық рең пайда болып қалыптасқан.

Осындай себептерден де шетте жүрген басқа ұлттар мысалы, шет елдегі қазақтар, Қазақстанда жүрген күрді, неміс т.б. ұлт өкілдері мүмкіндігі болса, өздерінің ұлттық тілін ұмытпауға тырысқан. Өйткені, жойылып кететінін біледі. Ал біздегі шала қазақтар мұны түсінбей жүр.

Осы секілді сөз құдіретіне сай, яғни, оның ғаламдық құдіретіне сай ғаламдық эмоция туындайды. Қуанышты сөздерге жағымды магиялық әрекет туып, энтелехиялық энергияға ұласады. Шынында қазақ тілі шыныменде бай тіл ме?

«Бай, дамыған тіл» - деп ағылшын тілін түгел мойындайды. Ол байлығынан емес, ол сол кезде дүние жүзінде елдерді көп жаулап, колония еткенінен кейін сол елдерде олардың тілдік ізі қалды. Тіл үндестік дыбыстық әріптерден құралады. Қай елдің әрібі көп болса, сол елдің сөздік қоры көп. Өйткені, көп әріптерді алмастыру, теру арқылы көп сөз құрауға болады. Математикада комбинаторика деген тарау бар. «N» элементтен «N!» алмастыру жасауға болады. Мұндағы «!» бұл леп белгісі емес, бұл «паптериал» деген термин. «N!» - дегеніміз, бірден «N» элементінің көбейтіндісі деген сөз. Сонда  $1*2*3*4...N = \sum$  шығады.

Атақты ағылшын тілінде 22 бар, ал қазақ тілінде 41 әріп бар. Керек десең, екі есе көп. Ағылшын тілінде мақал-мәтел деген жоқ. Не айтса да төтелеп бірақ айтады. Сөздік қоры - аз. Осы секілді бұларда сыпайылық, тұспалдап, ишаралап, баламалап түсіндіре мәтел, мақал деген жоқ. Осы жерде көп адам мақал мен мәтелді ажырата алмай жүр. Бұл екеуі – екі ұғым. Осындайларды айта берсек өте көп. Алла тілі деп жүрген араб тілінде 27 әріп бар. Сөздің басында, ортасында және соңында әртүрлі жазылып, бір сөз бен сөйлем құрамына сәйкес әртүрлі мағына беретіні жалпыға белгілі. Бұндағы дыбыстық үндестік – фонетиканың кедейлігі. Қысқасы, қай елдің әрпі көп – сол елдің сөз байлығы да көп. Қытайда үш мыңға фонетикаға келмейді. Иероглифпен жазатын елдер сөздеріне (бірін-бірі) түсінбесе де, жазбашаны жобалап түсіне алады. Қытай диалектісінің көптігі сонша, одан бірін-бірі айта берсек, қазақтілінің ерекшелігі, байлығы өте көп. Дыбыс ырғағының, сөз байлығының көптігі сонша поэзия күшті дамыған. Басқа елде оншалық емес. Сондықтан да қазақ поэзиясын басқа тілге өз дәрежесінде аударма алмаймыз. Қазақ тілінің басқа тілдерге қарағанда көп артықшылықта екенін ғылыми тұрғыда өз дәрежесінде түсіндіре алмай келеміз.

Адам баласы ең алғаш жаратылғанда, барлығы бір тілде сөйлеген. Кейін келе жеріне, күн көрісіне т.б. қарай бөлініп, диалектілер қалыптасып, ақыры әр түрлі тілдер пайда болған. Қазақ тіліне сол алғашқы тілдердің көбі сәйкес келеді. Мысалы индейстер (Америка) мен маялардың (Мексика) т.б. тілдерінде ұқсастықтар көп. Осыдан-ақ қазақ халқы тарихы тереңде патриоттық намысын оятуымыз керек. Қазақ болғанынан, ата-анасына әкем, шешем деуге намыстанатын ұрпақтың түкке қажеті жоқтығын ашып айтатын кез келді.

Қазақ «жақсы сөз – жарым ырыс», «тіл тас жарады, не бас жарады» деп жатады. Не даулар, ашулар, қиын жағдайлардан, төніп тұрған қауіпті жағдайлардан тіл құдіреті, тілдік қатынастар ғана құтқара алады. Ләззәт дегеніміз – ол ішкі энергия. Ол сыртқа тепкенде рендетіп, алабыртып, көзі күлімдеп, жаны жай тауып отырады.

Өкініштен ішіңнің ашуы, қорқыныштан үрей туындауы, ғашықтықтан сыртқы ортадағы нәрселерді елемеу (Мәжнүн болу), міне, осының барлығын жоқ деуге болмайды ғой. Бұның барлығы - көрінбейтін дүниеде болатын, сол жақтан шығатын дүние. Адам бойындағы көрінбейтін дүниеде әлі біз білмейтін тылсым дүние көп. Соның бірі – гендік жүйе. Сөз (тіл) бен гендік сәйкестіктен пайда болатын энергияның шарықтау шегін тудыратын жағдайды түсіндірейін.

Әрбір адамның аталық пен аналық ұрпақтарының бірігіп, амитоздық процесте жетіліп бөлінісінде хромосомдардың ыдырауы пайда болады. Осы хромосомдардың таяқшалары бөлінгенде, атадан келе жатқан қасиеттер сақталатынын, олардың тұқым қуалайтынын біз ғылымнан білеміз. 2001-2008 жылы АҚШ мемлекетті 125 ғалымның күшімен, жеті жыл дегенде хромосомдық бөліністің бірінші этаптық классификациясын зорға жасап, қыруар қаржы шығындады. Ішкі ата-анадан, ұрпақтан ұрпаққа эстафеталық негізінде беріліп келе жатқан ұлттық менталитеттік, гендік жүйеге ауысқан ұлттық тілімізден әр ұлттың өзіне ғана тән пайда болатын энтелехиялық энергияны білуіміз керек. Өзінің ұлттық тілінде сөйлейтін сол ұлттың өкілінде ғана жоғарыдағы энергия пайда болады. Онда да өз тілінде сөйлеген кезінде.

«Неге қазақ қазақ тілінде сөйлегенде энергия туындап, басқа тілде сөйлегенде туындамайды?» - деп, сұрауы мүмкін. Өйткені ұлттың өзінің ұлттық ана сүтімен берілген, ұлттық тәрбиесімен қалыптасқан әрбір сөзге (қуанышты сөз, жақсы сөз, жаман сөз) кішкене кезінде сол сөзді пайдаланғанда, сол сөзге сай ішкі көрінбейтін дүниеден энергия (ол энергияның молшері, сөз құдіретіне сай) бөлініп стандарттап қойылған; бұл энергия сол ұлттың атадан-балаға, ұрпақтан ұрпаққа жолданып келе жатқан әлгі "ген-генетика" зерттейтін хромосомдық (онда да ұлттың менталитетіне сай) негізіне, энергия толқынына (толқындық өрісі тура келуі керек) сәйкес келгенде ғана ішкі биологиялық энергия энтелехиялық энергияға ауысып, ол сыртқа теуіп, гүл-гүл жайнап, жан-жаққа нұр шашып тұрады.

Егер «қазақ, орыс, не басқа ұлт тілімен сөйлегенде неге энергия бөлінбейді?» - деген сұрақ туындайды. Дұрыс, заңды. Өйткені, сол сөйлеп тұрған қазақтың (тұқымы, гені, хромосомы т.б.) ішкі дүние бөлінетін атадан, анадан сүтпен, ұрпақ сабақтастығынан келетін нормаға (өріс) сәйкес келмейді. Сондықтан жоғарыдағы энергия бөлінбейді. Қазақ тілін білмейтін шала қазақты сөйлеспей-ақ ажыратуға болатыны сондықтан. Ондай шала қазақтың бойында жанып тұрған жалын секілді көзге түсе бермейтін (көп адам байқамайтын) энтелехиялық энергия болмайды.

Орта Азияда Шыңғысхан ұрпағымен байланысты ортақ шағай тілі шықты. Осы тілде ғалымдар барлығына ортақ еңбектерін (кітаптарын) жазды. Осы тіл бәрібір дамымады. «неге?» - деген сұрақ туындайды. Өйткені, соңында шағатай деген ұлт жоқ еді. Ұлт болмағасын, ана сүтімен сол ұлт тілі арқылы көрінбейтін дүниеге энергия жиналып, ол сыртқа шықпағасын, ол тіл жанып – бықсып, өзінен-өзі өшті. Сонымен шағатай тілі жойылып пайдаланудан қалды.

Осы секілді жағдай Еуропада болды. Ортақ тіл жасаймыз деп, оның граматикасына ұмтылды. Соңы түк те болмады. Бұл энергияның жоқтығынан дамымай қалды. Егіз бір эмбрионнан пайда болған қазақ баласы бірін орыс, екіншісін қазақ мектебіне берді дейді. Екеуі де орта мектепті бітірді. Соңына екеуінің мінезі екі түрлі болып қалыптасты. Орыс тілін бірген балада атаға, анаға, туысқанға қысқасы қазақ менталитетіне ( жазылмаған қазақ заңына ) деген бағынбайтын мінез қалыптасып, мейірім, шапағат болмайды. Ал, қазақ мектебін бітірген балада ішкі дүние энергиясы, энтелехиясы дамыған, жан-жағына нұр шашып тұрған адам қалыптасады.

«Орыстың - тілі дүниенің кілті»- деп, ұрандатқанымен, бұл жерде ештеңе ұтқан жоқ. Керек десең, бір-екі жыл орыс мектебінде оқыған баланың өзінің мінезінде айырмашылық

болады. Ал бала-бақшадағы (орыс не басқа ұлттар) тәрбие алған баладан ештеңе күтуге болмайды. Қайта сіз ол бала өміріне көп зиян тигізесіз. Өйткені, ішкі дүниеден (көрінбейтін дүние) алатын энергияны бала ала алмайды. Ішкі дүние демекші, көп нәрсе адам ойлағанда, ойын қай тілде қорытып, пайдаланатынына байланысты: шала қазақ ол еш уақытта қазақ тілінде ойлай алмайды. Ол өзі білетін (орыс, не басқа) тілді пайдаланып, ойын қорытады.

Тағы бір мысал, «аралас неке», яғни, екі ұлт өкілі үйленді дейік. Осылардың қорытындысы не болады және тіл, энергиясы қалай шешіледі деген сұрақ туындайды. Ондай екі ұлттан (аралас) пайда болған ұрпақты «метис»- дейміз. Өлгі өсімдік, жануарлардағы «гибрид» секілді болады. Бірақ екінші, үшінші поколениы нашар болады. Ол – әрбір саналы адамға белгілі нәрсе.

Метистер ешуақытта ішкі көрінбейтін дүниеден энергияны ала алмайды. Өйткені толқыны (волнасы) сәйкес келмейді. Сондықтан энтелехиялық энергиядан марқұм қалады. Екі-үш ұрпақтан кейін өз ұлтына араласса (қаны тазарды деп жатамыз), сонда ғана толқыны сәйкес келуі мүмкін. «Неге қытай көп?» деген сұрақ туындайды. Табиғат берген қасиет: қытай ешуақытта генін басқа ұлтқа бермейді екен. Сондықтан көп, соған сеніп те тірлік жасауда. Оны олар табиғат берген байлық дейді.

Өлгі қазақ тілін білмейтін шала қазақ (көңіліне келмесін) келешегі жоқ гибридтік өнім секілді өз дәуіріндегі уақытта ғана жақсы болуы мүмкін. Бірақ ішкі көрінбейтін дүниеден алатын энтелехиялық энергиясы таусылып, имунның қалыптасып, күресу ауқымы азаяды. Қазір гибрид ұрықтар сатылып жатыр (қарбыз, қауын, жеміс-жидек демекші т.б) Осы ұрықты ексең, жақсы өнім аласың. Ал сол шыққан өнімнің ұрығын келер жылы алып ексең, өте нашар әйтеуір, бірдеңе шығып, таза өнім бермейді.

«Неге көрінбейтін дүниені ғалымдар мойындамайды?» - дейміз. Рас, оны осы уақытқа дейін мойындамай келгенбіз. Неге? Өйткені көрінетін дүние материяға негізделген. Материя дегеніміз, адам санасына (сезім мүшесіне, бес мүшеге) түйсік тудыратын құрлымы материя. Ал, көрінбейтін дүние, ол адам сезім мүшесіне әсер етпейтін (сезім мүшесінің біреуі көру) дүние, ол көрінбейтін мүше деп атаймыз. Ол көрінбесе, ол-жоқ; идея – идеалистік идеология; ол қиял деп, осы уақытқа дейінгі диалектикалық материализм заңына қайшы болып, идея – ол діни қағида, дін – өтірік деп келген кеңестік идеология еді.

Конституция (Құран Кәрімі) он ғасырдан бері, бір әріпі өзгермеген, Алланы нақты сипаттап таныған, адам мен Алла арасындағы елші бар, Ислам дінін мойындап, көрінбейтін ол идея емес, ол нақты бар, бүкіл энергияның көзі бар екенін білетін кез келді.

Адам баласының, әлемнің керек десен, мемлекеттің шарықтау шегі болады. Мысалы, екі мүшелінде шарықтау шегіне жетеді (күш қуаты); ал ішкі көрінбейтін дүниенің шарықтау шегі бес мүшел жас болып табылады.

Бір заманда кішкене Моңғолия, одан бұрын Италия, кейін Германия, Франция, кешегі кезде Россия дүрлдесе, қазіргі кезде Америка шыңға жетіп отыр. Осы секілді орыс тілін үйренейік деген ұранның күні өтіп бара жатқанын түсінетін уақыт жетті.

Сен қазақ болып, қазақ қанынан жаратылған соң, сен қазақ болуын керек. Орыс жанды орыс боламын деп ұмытылғанымен, шала қазақ атанып, көрінбейтін дүниеден құр қалып, келешекте қор боласың.

Қазақтың құлдырау шегі 2000 жылы толық бітіп, содан бері өрлеу жолына түсті. Енді өрлей береді. Өйткені болған бола, солған сола бермейді. Біздің қазақ осынша жерінде байлығы, төрінде халқы (жан-жақа энтелехиялық энергиясы нұр шашып тұрғанда) қалайша жаман болады? Сондықтан да осыны түсіндіру әрбір қазақтың абзал парызы болмақ.

### Резюме

В данной статье рассмотрены проблемы казахского языка и пути решений этой проблемы.

### Resume

In this article the author considers problems of kazakh language and ways of decisions of this problem.

### Özet

Bu makalede kazak dilinin problemleri ve onun çözüme işi incelenmiştir.

A.Gömleksiz,  
Kafkas Üniversitesi.  
Bakü/Azərbaycan

## ORTAK İŞLETMELERİN KURULMASI GEREKLİLİĞİ VE GELİŞİM PERSPEKTİFLERİ

Küreselleşen dünyada ülkelerin birbiriyle entegrasyonu kaçınılmaz bir hal almıştır. Günümüzde ülkeler artık uluslararası çevreyle yani küresel ortamla daha çok bütünleşmek için mücadele içindedirler. Bu da dinamik gelişimin ve devletin ekonomik yapısının oluşturulmasının önemli şartlarından biridir. Bu açıdan da, ekonomik ilişkilerin kurulmasında, ihracat ve ithalat faaliyetlerinin yürütülmesinde iki veya daha fazla ülkeyi temsil eden teşkilatların ortak faaliyeti bir gereksinimden kaynaklanmaktadır. Fakat, bu faaliyetin yürütülmesi için kendi işini mükemmel bilen, kendi yararı ile toplumun yararı arasında bağlantı kurmayı başaran çalışkan insanların, girişimcilerin ve işadamlarının katılımı da zorunlu koşullardandır. Çünkü, piyasa ilişkilerinin bulunduğu her ülkede ekonomiye öncülük etme misyonu özel sektöre - çeşitli alanlarda faaliyet gösteren iş adamlarına - aittir. Bu da gelişen tüm sosyo-ekonomik süreçlerde özel sektörün etkin katılımını gerektirir.

Diğer Sovyet ülkelerinde olduğu gibi, piyasa ekonomisine geçiş döneminde Azerbaycan'da da girişimciliğin oluşması ve şekillenmesi, en zor ve karmaşık sorunlardan biriydi. Çünkü, uzun süre ülkede önemli görevlerde bulunan insanlarda, girişimcilik, serbestlik, ticaret yapma isteği ve hukuku, şeffaf çalışma prensibi gibi olumlu davranış özelliklerinin oluşumu için uygun bir ortam yoktu. İdari vesayet sisteminde şekillenmeyen bu özellikler piyasa ilişkilerine özgü olduğu için geçiş döneminde piyasa ekonomisinde şekillenmeye başlamıştır. Tabii burada bir takım teşvik edici ve hızlandırıcı faktörlerin etkisi de inkar edilemez. Örneğin, yukarıda sözünü ettiğimiz özelliklerin oluşmaya başlaması, esasen Kamu iktisadi teşekküllerin özelleştirilmesinden sonra gerçekleşiyor. Belli ki, özelleştirme sürecinde girişimciler ortaya çıkmaya başladıkça, bu özellikler de şekillendi. Aynı zamanda, devletin ekonomik süreçlere müdahalesi asgariye inerek, sadece düzenleyici faktör haline geldi.

Özelleştirmenin adaletli şekilde uygulanması, girişimcilerde onun doğasına uygun olarak kalitenin ortaya çıkma sürecini hızlandırabilir. Bu da sonuç itibarıyla kalkınma hızını yükseltir. [1,s.123-131].

Azerbaycan bağımsızlığa kavuştuktan sonra yerli girişimcilerin ortaya çıkması için gerekli koşullar sağlandı. Fakat onun yerine başka bir problem ortaya çıktı. Bu problem Azerbaycanın uzun yıllar idari vesayet sisteminde yaşama zorunda kalmasıyla ilgiliydi. Söz konusu sistem halkın büyük bir kısmını yoksulluk bataklığına sürüklemişti. Bu nedenle de devlet mülkiyeti özelleştirilirken benzeri faktörler gözönünde bulundurulmalı, küçük ve orta ölçekli girişimciliğin oluşumu ve gelişimi için gerekli koşullar sağlanmalıydı.

Günümüzde ülkede milli girişimciliğin şekillenmesi çeşitli yönlerde olmakla beraber çoğunlukla ticari, mali ve banka faaliyeti şeklinde gerçekleşiyor. Oysa, günümüz piyasası, üreten özel girişimciliğin gelişimine öncelik vermeyi destekliyor. Bununla birlikte küçük ölçekli girişimcilerin üretim alanında şekillenmesini olağan bir durum olarak nitelememiz gerekir.